

# *Балалардың күріншілдік мәдениетін сақтау жөніндегі тәжірибелер*

Білім беру үйімі Сұлукөл ЖОББ мектебі

Мектеп алды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылғы кезеңі II-апта 06–10 наурыз 2022-2023 оқу жылы

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардың кабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларга тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үрету. Баланың бүтінгі көңіл күйі, оның кызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүтінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды оқілдерімен кенес, әнгімелесу	<b>Ата-аналармен әнгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кенес беру	<b>Ата-аналармен әнгіме:</b> Ата-аналарға балаларын себепсіз сабактан қалдырмауларын ескерту		<b>Ата-аналармен әнгіме:</b> Ата-аналарға балалармен шынайы сойлесуге тәртіпті болуга бағыт-бағдар беру.	<b>Ата-аналармен әнгіме:</b> Ата-аналарға балаларды ұқыптылықта, шынышыл болуга, достарымен жақсы карым-катынаста болуга кенес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарастыру және басқалар)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Дала гүлдерін білесің бе?» <b>Корнекілігі:</b> көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру. <b>Технология:</b> ақпараттық <b>Интеграция:</b> катынас, Шығармашылық. <b>Қостылділік:</b> көктем –весна, <b>Барысы:</b> Көктем мезгіліндегі есімдіктердің тіршілігі, шөптесін есімдіктер ( 4-5 түрін), жиадектер, санырауқұлактар туралы суретпен жұмыс жасау <b>Мақал-мәттел:</b> Бір ағаш кессең, жұз	<b>Үстел үсті театр ойыны:</b> <b>Еріншектер:</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармак, Балың үйрек сен де тұр, Ортан терек, сен де тұр, Шылдыр шұмек сен де тұр, Титтей бөбек кане тұр, Саусактарым, ал		<b>« Сәлем жаңа күн»</b> Д/ойын : «Жанды және жансыз табигатты ажырат». Жер, су, ауа. <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешүге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға тәселдіру. Коршаган ортага қамкорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң	<b>«Табиғат мінезі»</b> Дидактикалық ойын: <b>«Бұл қай кезде болады?»</b> <b>«Көктем корінісі»</b> <b>Мақсаты:</b> көктем мезгілінің ерекшелігін білу. <b>Шарты:</b> суретке қарап әнгімелесу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті үйімдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап,

	<p>агаш отыргыз</p> <p><b>Сергіту еті:</b> Әуен қойылады.</p> <p>Балалар ілесіп, кымылдар жасайды.</p> <p><b>Күтілетін итінше:</b></p> <p><b>Біледі:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы;</p> <p><b>Менгереді:</b> өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, санырауқұлактар туарлы білімдерін қалыптастыру</p>	жүгір.		<p>жауап беруге баулу.</p> <p><b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балыктарға жем шашу</p>	кай мезгілде болатыны туралы әнгімелу.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b></p> <p><i>Тәулік бойы тынбайтын,</i>  <i>Болайықши ақ жаңбыр. (Ақырын жауған жсауын тырсылын жасайды)</i>  <i>Астан-кестен жсауатын,</i>  <i>Өткінші енді біз жаңбыр.</i>  <i>(Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)</i></p>	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b></p> <p><i>Әтпақ болып таң атты,</i>  <i>Тутін тіке шығады.</i>  <i>Қарлығаштар қанатын</i>  <i>Самғап биік үшады.</i></p>		<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b></p> <p><i>Сылдырлайды мәлдір су,</i>  <i>Мәлдір суга қолыңды жу.</i>  <i>Жұынсансаң сен әрдайым,</i>  <i>Таза бетің маңдашың.</i></p>	<p><b>Психомоторлық жаттығу:</b></p> <p><i>Кундей жадырап,</i>  <i>Айдай арайлап,</i>  <i>Жұлдыздай жадырап,</i>  <i>Судай таза көңілмен,</i>  <i>Бүгінгі күнімізді бастайың.</i></p>
<b>Мектепке дейінгі үйым кестесін бойынша ҰІӘ</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сейлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті -</b></p> <p>Мамандықтар жайлы әнгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру</p> <p><b>Максаты :</b></p> <p>Мамандықтармен таныстыру</p> <p>–Әз ата-аналарын қандай жұмыс жасайды? Қандай</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Сөздердің жалпы атауын атауга, дыбыстық талдау жасауды үйретуді менгерту</p> <p><b>Максаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»</p>		<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті</b> - Сойлем құрауга, сойлем сыйбасын сыйзуға, сойлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру</p> <p>- Сөздердің жалпы атауын атауга, дыбыстық талдау жасауды үйретуді менгерту (<b>кірік,08.03</b>)</p> <p><b>Максаты</b> , сойлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Дидактикалық жаттығу:</b> «Сойлемге кажетті сөзді қос»</p> <p>– Мен сөндерге бір сөзі жетпейтін</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Олеңді жатка, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Максаты:</b> өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.</p> <p>Суретте не бейнеленген?</p> <p>Әжесі мен немерелері немен айналысыш</p>

	<p>мамандық иесі?</p> <p>Білесіндер ме?</p> <p>Педагог балаларға</p> <p>М.Хакімжановың</p> <p>«Кім немен</p> <p>ойнайды?» өлеңін</p> <p>мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала,</p> <p>Бұлакпен ойнайды.</p> <p>Емші болатын бала,</p> <p>Сынаппен ойнайды.</p> <p>Батыр болатын бала,</p> <p>Қынаппен ойнайды.</p> <p>Жарыкты жағатын</p> <p>бала, Шыракпен</p> <p>ойнайды.</p> <p>Шопан болатын бала,</p> <p>Диқан болатын бала,</p> <p>Топырақпен ойнайды.</p> <p>Ғалым болатын бала,</p> <p>Кітаппен ойнайды.</p> <p>Балаларға өлеңді</p> <p>екінші рет оқығанда,</p> <p>өлең жолдарында</p> <p>кездесетін</p> <p>мамандактарды</p> <p>саусақтарымен санағ</p> <p>отыруды тапсырады</p>	<p>Мен сендерге суретін</p> <p>корсетіп сөз айтамын</p> <p>сендер тек дауыссыз</p> <p>дыбыстардан</p> <p>басталатын магынасына</p> <p>келетін сөздер</p> <p>жалғауларың керек.</p> <p>Мысалы: алма (қызыл),</p> <p>тон</p> <p>(жылы), мысық ( сары),</p> <p>тышқан (кішкентай),</p> <p>касық (темір), жастық</p> <p>(жұмсақ), кітап</p> <p>(қызық), доп (женіл), ат</p> <p>(жүйрік), үстел (бік),</p> <p>кірпі (кішкентай),</p> <p>санырауқұлақ (көп), алма</p> <p>(ұлken), наң (жұмсақ),</p> <p>сабын (сопак), арба</p> <p>(жалпақ), таңқурай</p> <p>(майда), күлпynай</p> <p>(дәмді),</p> <p>банан (сары), кесе (әдемі),</p> <p>калам (жасыл), етік</p> <p>(жылы), козы (сүйкімді)...</p> <p>т.б.</p>	<p>сойлем айтамын, ал сендер сойлем</p> <p>дұрыс құрылу</p> <p>үшін, магынасы бойынша келетін</p> <p>сөз косуларың керек.</p> <p>Мысалы:</p> <p>Әкем балғамен шегені ...</p> <p>(шегеледі).</p> <p>Әжем шұлышқ ... (тоқыды).</p> <p>Көбелек гүлге ... (конды).</p> <p>Бағдаршамда қызыл тұс ...</p> <p>(жанды).</p> <p>Құрылысшы кірпіш ... (қалады).</p> <p>Дәрігер науқасты ... (емdedі).</p> <p>Атам газет ... (оқыды).</p> <p>Балалар далада ... (ойнады).</p> <p>Әпкем ыдысты ... (жуды).</p> <p>Ағай күй ... (тартты).</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сейлемді</p> <p>толықтыр»</p> <p>Мақсаты: Сурет бойынша</p> <p>сойлемдерді қурауга, жай</p> <p>сойлемдерді толықтыруға үйрету.</p> <p>Көрнекілігі: «Аулада»</p> <p>такырыбындағы мазмұнды сурет.</p> <p>Мазмұны: педагог балаларға</p> <p>суретті корсетіп, жай сойлемді</p> <p>курап айтады, мысалы: Әсем ойнап</p> <p>жүр.</p> <p>Балалар сойлемді қайталап, бір-екі</p> <p>сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем</p> <p>аулада ойнап</p> <p>жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді</p> <p>косады. Әсем аулада досымен</p>	<p>жатыр?</p> <p>Сен әжеңе қалай</p> <p>көмектесер едін?</p> <p>2. Әжене не</p> <p>сылтайсын? Суретін</p> <p>сал.</p> <p>3. Есінде сақта!</p> <p>Асыл әжем, куанышым,</p> <p>берекем,</p> <p>Өнегениң өрісі де сен</p> <p>екен.</p> <p>Педагог магынасын</p> <p>түсіндіреді. Өнеге – үлгі</p> <p>деген магынаны</p> <p>білдіреді</p>
--	---	---	--	--

ойнап жур.

**Үзіліс:** Затты лактыру мен қагып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттыгулары:**  
Сыйкырлы айнага қарап отырыш, араның  
масаның, шегірткенің, жыланның дыбыстарын  
салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл  
ұнатады ма соны байқа.

Агайынды аралар.

Агайында араарымыз,  
Енбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағынды түйістіріп, ұшып жүрген  
араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін  
аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара


Калмай ұшып сонынан,

Ара қуды Мұратты. -3-3-3-3

Шағып алыш қолынан,

Досымызды жылдатты.

-у-у-у-у(Араның дауысы мен баланың ара  
шакқандағы дауысын сал)



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Максаты:** Балаларды  
еңтіліке, шашшандыққа  
тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін  
мұкият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған  
кәрзенкені көрсетеді де алаңың бір  
жагында өзімен бірге қатарласа тұруды  
ұсынады. Одан кейін кәрзенкеден  
доптарды алып, балалардан алысқа, әр  
жакқа лактырады. Балалар доптарға  
жүгіреді, оларды алып кәрзенкеге салады.  
Ойын кайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы  
керек. Олардың әрқайсысы допты қуып  
жетіп, кәрзенкеге салатын болсын.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Коршаган орта</b>  <b>Міндеті:</b> - Қоршаган ортада, табигатта тәртіп ережелерін білу</p> <p><b>Мақсаты</b>          Қауіпсіздік ережесін сактауга үйрету Тәрбиеші саңырауқулақ жайлы мәлімет береді. Балалар сендер білесіндерме? Орманга шыққанда қандай қауіпсіздік ережесін сактау керек? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп отыргызып, балаларға табигатка серуенге барғандагы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, екінші орталықтары</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту</p> <p><b>Мақсаты</b> уақытты бағдарлау дағдыларын калыптастыру.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны          Педагог допты лактырып, сұрап қояды:          Акпан жыл ішінде нешиňші ай?          Жылдың соңғы айы қандай?          Қазаннан кейінгі қандай ай?          Жаз айларын ата және т.б.          «Жыл мезгілі»          Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»          Педагог бастайды, балалар жалғастырады.          Алдымен көктем, содан кейін ... жаз          Алдымен бүтін, содан кейін ... ертен          Алдымен қантар, содан кейін ... акпан.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Уақытты бағдарлау дағдыларын калыптастыру.</p> <p>- Тәулік боліктерінің ауысуын («кеше», «бүтін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау</p> <p><b>(кірік.08.03)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Апта күндері, тәулік боліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту . Демонстрациялық материалмен жұмыс Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.</p> <p>«Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап койылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне</p>	<p><b>Коршаган орта</b>  <b>Міндеті:</b> Өз өмірін қауіпсіздігін сактау (бейтаныс адамдармен сойлеспеу, ойнамау, ботен машиналарга отырмау</p> <p><b>Мақсаты</b> . Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін түсіну.</p> <p>Проблемалық сұрап:</p> <p>– Өмірде қауіпті заттар ғана емес, қауіпті адамдар да кездеседі. Қандай адамдарды қауіпті деп санауга болады?</p> <p>Балалар бейтаныс адамдардан келетін қауіп туралы талқылайды.</p> <p>Корытынды: Өмірде мейірімді және жақсы адамдар өте көп, бірақ өкінішке орай, жаман адамдар да бар. Адамның сыртқы бейнесіне қарап, жаман ойлы екенін ажыратса алмаймыз, өйткені жаман адам өте әдемі, мейірімді болып көрінүү мүмкін. Сондықтан барлық бейтаныс адамдардан алыс жүру керек</p> <p>Ойын жағдаяты: Педагог балаларға алдын ала дайындалған көрініс ұсынады. Перде ашыльп, ұлттық киім киген әдемі әже шығып, мейірімді, сабырлы дауыспен</p>
---	---	---	---

	<p>балаларға қауіпсіз деп санайтын есімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды ұсынады. Тәрбиеші ормандағы қауіпсіздік ережесі жайлы айтады.</p>	<p>Олар педагогті мұқият тындейды, сейлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шакыра аласыз.</p>	<p>айналды. Сол жақтагы бірінші бала алға карай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі кай күн?» т.с.с. Ойынға катыспagan балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Алтаның екінші күнін атаңыз.</p>	<p>былай дейді: - Қалкам, маган су берші, шаршап, шөлдеп қалдым. Сен кандай жаксы, мейірімді баласын, көмектесші маган. Бала (үй иесі) есікті ашады, әжеге су ұсынады. Эженің орамалы шешіліп қалғанда, балалар мыстан кемпірді көреді. Ол қаркылдан күліп, балага тап береді. Келесі көрініс: Әдемі Ханшайым есік қагып, телефонмен сөйлесу үшін кіруге рұқсат сұрайды. Бала есік ашқанда, перде ішінен қолында қылышы бар Ханшайым шығады. Қорытынды: Бөгде адамдарға сеніп, есік ашуға болмайды. Егер бейтаныс адам есікті қагып түршіл алса, есікті жүлкеласа, дереу полицияга хабарласу кере</p>
--	--	---	---	---

### Узіліс: Жүгірге ариалған ойындар «Күн мен жаңбыр»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттыгулары:

**Шегіртке.**

Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдак,  
Эн саламын ш-шырылдан:

-ш-ш-ш-ш-ш

Жоқ тұрақты мекенім,

Ш-ш-ш-шөпті корек етемін.

-ш-ш-ш-ш-ш

(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)



**Ойын: «Күн мен жаңбыр»**

**Максаты:** Балалардың есте сақтау  
қабілеті, бақылағыштығы жаксарады.

**Ойынның шарты:** Балалардың алаңын  
бір шетінен немесе бөлмениң  
қабыргасынан біразырак жерге қойылған  
орындықтардың артында тізерлең отырады  
да «терезеге» (орындықтың арқасындағы  
тесікке) караиды.

## Қоңыз.

Тым қатулы кескіні,  
Жактырмаймын ешкімді,  
Үлкен қара қоңыздың  
Дауысы алыстан естілді:  
-ж-ж-ж-ж-ж

Мұндай сүмдүк бола ма?

Келе салып сонага

Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге  
Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»

-ж-ж-ж-ж-ж

Көбелек пен инелік

Қалды тіптен именіп.

Мұнды әуен басталды

Шегірткеміз күйзеліп:

-ш-ш-ш-ш

Ызылдады ара да:

-3-3-3-3-3

Ызылдады маса да:

-3-3-3-3-3

Ал ормекші үн түнсіз

Жасырынды тасага

«Тыныштықты бүтінгі

Келді дагы бүлдірді»-

Деп қоңызға құмырска

Өз ренішін білдірді.

Ал қоңызға бәрібір,

**Айтатыны:** «Ары ж-ж-жүр!»

Жанында еш досы жок,

Гүж-гүж етіп әлі жүр.

(Балакай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап  
ойнауга болады. Эр жәндіктің сезін айтып болған сон,  
оның дыбысын салуды ұмытпа)



**Ұсыныс:** Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шыгуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендендер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> -- Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуга дағдыландыру</p> <p><b>Мақсаты</b> Алматы қаласы туралы білімдерін көңілтүрдің Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.</p> <p>– Бұл ән не туралы?          (Алматы қала туралы).</p> <p>Күйршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск корсетеді.</p> <p>Интербелсенді тақтада Алматымен тыңстыру.</p> <p>– Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро.</p> <p>Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябак. Алматыда саябак бар. Саябак көп.</p> <p>Саябактар әдемі. (Бірнеше саябак суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Таныс немесе бейтаныс ертеғілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуды</p> <p><b>Мақсаты</b> ертеғінің сахналуа, диалогке қатысуга үйрету</p> <p>Педагог: Балалар, қандай ертеғі білесіндер? Қандай ертеғі ұнайды?</p> <p>Бүгін сендерге күйршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертеғісін сыйлық ретінде алып келді.</p> <p>Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертеғісін балаларға айтып береді.</p> <p>– Ертеғі ұнады ма?          – Ертеғіде кімдер бар?          – Мынау – колғап.          – Мынау не? (Қолғап).          – Бірінші кім келді?          (Тышқан)</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатка, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.</p> <p>Бүгін ақын Әбубекір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сез адамның жан табиғи тәріліктерінің жеткізеді</p> <p><b>Әже</b></p> <p>Еркелетіп ертемен Оятады ол мені. Таңғы таза ауамен, Тазалаймыз болмені. Ертеғісі өзінің Таусылмайды не түрлі. Әжімдері көзінің Мейірімі секілді. Кимешегін, жаулығын Тенеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен!          (Әбубекір Қайран)</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> -- анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды күрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауга баулу.</p> <p>Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау</p> <p>- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше</p>
---	---	--	--

	<p>Медеу, Көктөбе туралы</p> <p>кыскаша айтып өту.</p> <p>– Алматы қандай қала</p> <p>екен?</p> <p>– Алматы – әдемі, әсем</p> <p>қала. Әдемі, әсем.</p>	<p>– Тышқан қандай?</p> <p>– Тышқан кішкентай.</p> <p>– Екінші? (Бақа)</p> <p>– Бақа не деді?</p> <p>– Бақа не істейді?</p> <p>– Тышқан не деді?</p> <p>– Соңғы кім келді?</p> <p>(Аю)</p> <p>– Барлығы неше</p> <p>болды? (6)</p> <p>– Аю қандай?</p> <p>– Аю үлкен.</p> <p>– Аю қалай жүреді?</p>		<p>пішіндерді және</p> <p>екіге бүктелген</p> <p>қағаздан</p> <p>симметриялы</p> <p>пішіндегі</p> <p>заттарды кию</p> <p>-- Сюжеттік</p> <p>композициялар</p> <p>жасау, оларды</p> <p>сәнді</p> <p>бөлшектермен</p> <p>толықтыру,</p> <p>жеке және</p> <p>топшен бірлесіп</p> <p>жасау, онда</p> <p>міндеттерді</p> <p>келісіп атқару</p> <p><b>Мәссағаты</b> –</p> <p>наурыз ашық</p> <p>хатының суретін</p> <p>салу, жапсыру</p> <p>, мұсіндеу, құрасты</p> <p>ру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	--	--

### Үзіліс: « Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны.

Еліктеу ойындары:

“Кім жақсы айтады”

P-p-p-ppp  
ыбы-ыбы

ы-ы-

*Гүлдерді иіскейік.* Балалар, біз өзімізді гүлдер

багында жүрміз деп елеестетейік. Гүлдер әдемі

және хош іністі болады. Кәне, гүлдерді иіскең

көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

*Ойын: «Өзен»*

*Кішкене өзен арқылы.*

**Мәссағаты:** балаларды үйымшылдыққа

тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін.

Сезімін қалыптастырады және достыққа

тәрбиелейді.

**Көриекіліктер:** тақтай, жіп.

**Шарты:** Тәрбиеші екі сзық сыйады да (үйдін



ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тастайдан көшір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тастайдың үстімен гана журуін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суга құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тастаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.

#### 4 - үйимдастырылған іс-әрекет

<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты қакпага тебу. Допты бірнеше рет аяқпен кабыргага тебу.  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанага лактыруды үйрене түсу, иыктан жогары алға қарай шұғыл шыгарып, колды айналдыра сермен лактыру дағдыларын дамыту</p> <p><b>«Жігіттер» (3 рет)</b>  Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденин шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуғе үйрету  <b>Мақсаты</b> Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуғе үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b>  «Аман болшы, анашым»  (Б. Қабиева)  Эн айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Коныратбай)  Музыкалық-ыргактық кимылдар:  «Ленталармен жаттығу»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шыгармашылық таныта отырып, таныс кимылды ойындарды өз бетінше үйимдастыруға мүмкіндік беру  Үлттық кимылды ойындарды ойнату (<b>кірік.08.03</b>)  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанага лактыруды үйрене түсу, иыктан жогары алға қарай шұғыл шыгарып, колды айналдыра сермен лактыру дағдыларын дамыту</p> <p><b>«Дегелек» ойны.</b>  Тізелерін аздап бугіп, иығын аздап алдыға енкейтіп, колдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.  Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденен ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын ежей-тегжелі ажырату қабилетін дамыту  <b>Мақсаты</b> Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуғе үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b>  «Аман болшы, анашым»  (Б. Қабиева)  Эн айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Коныратбай)  Музыкалық-ыргактық кимылдар:  «Ленталармен жаттығу»</p>
--	--	---	--

	кону.	(В. Моцарт) Билер: «Киіз басу» «Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай) «Полька» (эстон халық би) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуак» (Е. Кұсайынов)		(В. Моцарт) Билер: «Киіз басу» «Келіншек» халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай) «Полька» (эстон халық би) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуак» (Е. Кұсайынов)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс кінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс кінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс кінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс кінуге үйрету.
Серуен	<p><b>Наурыз</b>  <b>Серуен-Бақылау №1</b>  <b>Бақылау:</b>  <b>Маусымдық</b>  <b>өзгерістерді бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b>  — Табигаттагы  көктемгі өзгерістер  туралы түсініктерін  қалыптастыру;  — айнала қоршаган  ортадан көктем  өзгерістерін көре</p>	<p><b>Наурыз</b>  <b>Серуен-Бақылау №2</b>  <b>Бақылау:</b> Қайың ағашын  бақылау  <b>Мақсаты:</b> қайың ағашы  туралы, ағаштардың  көктемгі өзгерістері  туралы білімдерін  молайту.  <b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Жас шыбық»</b>  <b>A. Мендібай</b>  <b>Көшетін жеке қайыңның,</b>  <b>Отыргыздым аулага.</b></p>	<p><b>Наурыз</b>  <b>Серуен-Бақылау №4</b>  <b>Бақылау:</b> Итті бақылау  <b>Мақсаты:</b> жануарлардың  көктемгі өмірі туралы  түсініктерін жүйелендіру;  — жануарлар тіршілігіндегі  өзгерістер себебін іздей білуге  үйрету, өздерінің үйіндегі  жануарларына деген  жауапкершілік сезімдерін дамыту.  <b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «КУШІГІМ» A.</b>  <b>Мендібай</b></p>	<p><b>Наурыз</b>  <b>Серуен-Бақылау №5</b>  <b>Бақылау:</b> Бұлттарды  бақылау  <b>Мақсаты:</b> әлемді жалпы  түсінудің негізі ретінде  жер мен аспанды  біртұтас деп үзгінуды  қалыптастыруды  жалғастыру</p> <p>Бақылау барысы  Көркем сөз «Бұлт» Ә.  Ақышбекұлы</p>

<p>білуге үйрету;</p> <p>—табиғатты бақылауга деген қызыгушылығын арттыру, қамкор болуга тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i></p> <p><i>Тәрбиеші:</i></p> <p>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге олең оқымын, сендер жасасырынган сөздерді табыңдар.</p> <p>Жауган қарымен, ... құнар береді. (қыс)</p> <p>Улкендер қарбалас, ... дән себеді. (коктемде)</p> <p>Бақ пенен бақшаны, ... баптан осіреді. (жазда)</p> <p>Дихандар жемісін, ... жинап береді. (кузде)</p> <p><i>Тәрбиеші сұрақтары:</i></p> <p>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?</p> <p>*Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>*Коктемнің алдында қай мезгіл болды?</p>	<p>Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама.</p> <p>Жас шыбық осіп толады, Әсем қайың болады, Сугарып, күтіп, баптасам.</p> <p>Қайың көп агаштардың ішіндегі сұлу агаштардың бірі. Оның атпақ діңі жұқа қабықпен қапталған.</p> <p>Қайың қыс шыққан бойда бұр жарып шыға келеді.</p> <p>Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жій қосқан. Оны сүйіспенішлікпен «ақ қайың» деп атаган. Ерте кезде жсолауши жүретін улken жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан женіл шабата (аяқ киім), жсолауши жүргенде – киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.</p> <p><i>Тәрбиеші сұрақтары:</i></p> <p>*Қандай агаш түрлерін білесіңдер?</p> <p>*Біздің ауламызда қандай агаштар өседі?</p> <p>*Агаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?</p> <p>*Әуелі агаш</p>	<p>Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таптайды.</p> <p>Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаптайды Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>♦ Бұл күшік сендерге үнай ма?</li> <li>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсындар?</li> <li>♦ Күшіктің көніл-күйі қандай?</li> <li>♦ Не себепті көніл-күйі көтерінкі деп ойлайсындар?</li> <li>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысканды жаксы көреді?</li> </ul> <p>Үйде асырауга алған иттер өз иесін өте жаксы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қынышлыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуакытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы.</p> <p>Бірак, біздер де оны күту, дұрыс тамактандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамкор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз,</p>	<p>Бұлттың қайда тұрагы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспаның Бұлт көшпелі бұлагы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсындар?</li> <li>♦ Бүтінгі бұлттар қандай?</li> <li>♦ Қалай ойлайсындар, бүгін кар немесе жаңбыр жауады ма?</li> <li>♦ Бұлт қай багытқа жузіп барады?</li> </ul> <p>Еңбек</p> <p>Бұлдіршіндердің аланындағы сырғанақ құрылышының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алады үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуга тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--

	<p>*Коктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?</p> <p>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көрүге болады?</p> <p>Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар сүйн (қар айналасындағы ылгалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі коп түскен жердегі қар жібіді де, ылгал пайда болады)</p> <p>Енбек Гүл еgetін жерді тазалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Енбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.</p>	<p>бұтақтарында не пайда болады?</p> <p>*Қазір аулага агаш көшетін отыргызуға бола ма?</p> <p>*Агаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Кайың ағашы мен басқа агаштарды салыстыру:</p> <p>оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?</p> <p>Енбек</p> <p>Ауланы өткен күзден калған коқыстан тазалауга көмектесу</p> <p><b>Мақсаты:</b> өз еріктерімен топқа болінуге, өз еріктерімен еңбек етууге баулу.</p>	<p>оларды сүйе білгеніміз жөн. Енбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үжыммен жұмыс істей білудерін тиянақтау;</li> <li>- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауга деген қулишыныстарын арттыру.</li> </ul>	
Серуенин оралу	Балалардың үйымшылдықпен топка оралуы киімдерін шешіп шкафттарына орналастыру	Балалардың үйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафттарына орналастыру	Балалардың үйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафттарына орналастыру	Балалардың үйымшылдықпен топка оралуы киімдерін шешіп шкафттарына орналастыру
Баламен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс:	Жеке баламен жұмыс: түстерді ажырата білуге	Жеке баламен жұмыс Жұмбак: Етек-жәңі жиналмай,	Жеке жұмыс Жаңылтпааш айтуда

	<p>каламды дұрыс қолдануға үйрету. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс- әрекеті</p>	<p>үйрету. <b>Сойлеуді дамыту</b> Қарым-қатынас іс-әрекеті</p>		<p>Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</p>	<p>«Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал кай арал, Қайынды арал, талды арал»</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті оійындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)	<p>Кімбылды ойын: «Кім жылдам?». Максыты: жүкіруге жаттықтыру, жылдам- дықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында түрліп биіктікке секіру. Максыты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.</p>	<p>Кімбылды ойын: «Орамал тастамақ» Максыты: -ойын шартын түсініп оійнауга, ангарымпаздыққа, шашшандыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанага лақтыру. Максыты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту</p>		<p>Кімбылды ойын: «Қасқыр қакпан». Максыты: -белгі бойынша әрекет етуге баулу; -жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. Жаттығу ойыны: Кімбылдарын дамыту. Максыты: секіру техникасын менгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).</p>	<p>Кімбылды ойын «Үйсіз коян». Максыты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің баланың көшіл, өз-жакындарының бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің баланың көшіл, өз- жакындарының бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңз.</p>		<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің баланың көшіл, өз- жакындарының бен бірге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау кажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы кажет, мектеп туралы, оның озіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жи оған өз мейірімінде корсетініз. Баланыздың кезінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын маселені айтудан аулақ болыңыз.</p>